

**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия
ата-аналарға арналған «Шеңбер» ашық диалог алаңы
«Ашық есік күн» өткізілгені жайында**

Хаттама №3

Күні: 14 қараша 2025 жыл
Уақыты: 17.00-19.00
Өткізілу орны: спорт залы
Қатысушылар: 1 – 11 сынып ата-аналары




Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылының I-тоқсаны бойынша білім сапасы, пәндік білімдегі кедергілер, оқушы жетістігі туралы таныстыру- 1-11 сынып жетекшілері және пән мұғалімдері
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы -1-11 сынып жетекшілері.
3. «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын таныстыру- Кабенова М. С. психолог
4. Сыбайлас жемқорлаққа қарсы күрес мәдениеті туралы- Сулекеев К.К. тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Тыңдалды:

1. Директордың міндетін атқарушы А. Е. Сармантаева ата-аналарға «Шеңбер» ашық диалог алаңының мақсатын таныстырып өтті. Ата-аналар бүгінгі ашық диалог алаңында пән мұғалімдерімен сұхбаттасып, өздеріне қажетті туындаған сұрақтар бойынша баласының білімі мен мектептегі тәлім-тәрбиесі туралы және 2025-2026 оқу жылының 1-оқу тоқсанының қорытындысы жайында таныса алатынын атап өтті.
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы 1-11 сынып жетекшілері қысқы мезгілдегі мұзды жердің қауіптілігі мен жолда жүру ережелері сақтауды түсіндіріп өтті. Оқушыларға сынып сағатында және күнделікті сабақтан тыс уақытта қауіпсіздік ережелерін сақтау жағы айтылып отыратын ескірілді.
3. Психолог маманы Кабенова М. С. мен тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Сулекеев К.К., Оналбаева Г. Г. ата-аналарға мектептегі жүзеге асырылып отырған «ДосболLIKE» бағдарламасы балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында жүргізілетін тәрбие жұмысына тоқталды.
4. Ата-аналарға Сыбайлас жемқорлаққа қарсы күрес мәдениеті туралы түсіндіре отырып, гимназияның заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрығын таныстырып, ата-аналар арасында сыбайластыққа қарсы

мәдениеттің сақталуы туралы атап өтілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысы жоспарға сәйкес мұғалімдер мен ата-аналарға таныстырылым жасалып, жылдық ішкі талдау жүргізілетіні айтылды.



Қорытынды:

ата-аналардың ашық диалог алаңында ұйымдастырылған оқушының білімін талқылауға, пән мұғалімдерімен ашық пікір, кеңес жүргізуге бағытталған тәріе жұмыстарына жақсы лебіздерін сұхбат, жазбаша түрде қалдырды.

Қаулы:

1. 2025-2026 оқу жылының I- тоқсаны бойынша білім сапасы бойынша пәндік білімдегі кедергілермен жұмыс жүргізу 1-4 сынып жетекшілері және 1-11 пән мұғалімдеріне тапсырылсын.
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, қысқы мезгілдегі қауіптілік жағдайдың алдын алу жайында түсіндірме жұмысын жүргізу 1-11 сынып жетекшілері мен ата-аналарына жүктелсін.
3. Оқушылар арасында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында «ДосболLIKE» бағдарламасы негізінде 1-11 сынып жетекшілері мен ата-аналардың отбасы тәрбиесінде түсіндірме жұмыстар жүргізілу және сыныптарға кеңес жұмысын жүргізу психолог маманына жүктелсін.
4. 29.09.2025ж. №5640 бұйрығы негізінде ата-аналар арасында заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы, «Сыбайлас жемқорлаққа қарсы күрес мәдениеті» жайында түсіндірме жұмысын жүргізу 1-11 сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары



Г. Оналбаева